

Төрлет, Жаңа жыл!



ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№99 (3728)
27 желтоқсан 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• ЛЕБІЗ

ӘРБІР ӨЗГЕРІС ЕЛ БОЛАШАҒЫН БАЯНДЫ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛАДЫ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР,
ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан баршаңызды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткен жылды саралап, болашаққа үмітпен қарайтын ерекше кезең. Бұл мереке бізге жаңа мақсаттар мен жоспарлар құрып, алға ұмтылуға, жаңа белестерге қол жеткізуге шабыт береді. Сонымен қатар, Жаңа жыл отбасымызбен және жақындарымызбен бірге болуға, жаңаша ойлар мен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын маңызды сәт.

Бұл кезеңде біз бір-бірімізге қолдау көрсетіп, түсіністік пен бауырмалдықты нығайтуға, қоғамдағы тепе-теңдікті сақтауға күш саламыз. Бірлігіміздің арқасында елімізде көптеген жетістіктерге қол жеткізіліп, жаңа биіктерге көтерілуге жол ашылды. Осылайша, Жаңа жыл еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуіне серпін беріп, қоғамымыздың дамуына маңызды үлес қосады.

Өткен 2024 жыл еліміз үшін айрықша кезең болды. Бұл жылда құқықтық реформалар мен жаңа заңдар қабылданып, әділдік пен заңдылықты нығайтуға елеулі үлес қосылды. Әлеуметтік, экономикалық және саяси реформалар еліміздің дамуына ықпал етіп, құқықтық жүйенің өзгеруіне себепті тигізді. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған саяси реформалар қоғамдық өмірдің барлық саласында өзгерістер мен жаңашылдықтарға жол ашты. Құқықтық жүйені жаңғырту барысында сот және құқық қорғау органдарының тиімді әрі әділ жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағытында маңызды шаралар қабылданды. Сонымен қатар, экономикада жүзеге асырылған реформалар елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік салада білім беру, денсаулық сақтау және еңбек құқықтарын қорғау бағытында да елеулі өзгерістер орын алды. Бұл реформалар тек заңнамалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдениеті мен азаматтардың құқықтық санасының өзгеруіне де ықпал етті. 2024 жыл мемлекет үшін тұрақтылық пен өркендеуге бағытталған жаңа жол ашқан маңызды кезең ретінде тарихта қалды.

Алдағы 2025 жыл еліміз үшін жаңа мүмкіндіктер мен үміттер әкеледі деп сенеміз. Қазіргі уақытта жүзеге асып жатқан реформалар әрбір қазақстандықтың өмірін жақсартуға және құқықтық жүйенің дамуына оң әсер етуде.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 2-бетте)

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ



Жаңа жылдың табалдырығын аттағалы тұрғанда өзімізге есеп беру, бар мен жоғымызды түгендеу әдетіміз. Сондайда ұлу жылының жалпы елге, сонымен бірге біздің алақандай ұжымымызға да жайлы болғанына шүкір дейміз.

(Соңы 2-бетте)

• ТҰҒЫР

Бауыржан ЫСҚАҚ, «Тұран-Астана» университетінің профессоры:

«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫҢ ӨЗІ БІЗ ҮШІН ҮЛКЕН ТӘУЕКЕЛ»

– Бауыржан Мұратбекұлы, 2024 жылғы ел экономикасындағы басты оқиғалар деп нені атай аласыз?

– Бірінші кезекте экономиканың негізгі драйверіне айналып отырған инвестициялық жобаларды айтуға болады. Бізде құны 1,5 трлн теңгеге жуықтайтын 180 инвестициялық жобаның қосылғаны туралы мәлімет бар. Оның 160-тан астамы металлургия, химия, мұнай, автокөлік, туризм, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі сияқты өңдеу секторына тиесілі. Бұл импорт алмасуға өз әсерін тигізеді. Соның нәтижесінде 25 мыңға жуық адам жұмыспен қамтамасыз етіліп, біздің сыртқа шығатын экспорттымыздың көлемі 6 триллион теңгеге артып, импортқа тәуелділігіміз 1,5 триллион теңгеге төмендеген. Екіншісі, өңдеу

өнеркәсібі 5 пайыздық өсім көрсетті. Бұл көрсеткіш машина жасау, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсіптері салаларында көрсетілген. Жалпы ішкі өнімнің өсуі бірінші жартыжылдықта 3,3 пайызды құрап, өндіріс көлемі 2,5 пайыздан асты.

Биыл инфляция баяулады. Мысалы, маусым айында жылдық инфляция 8,5 пайызға дейін төмендеді. Бұл көрсеткіш былтырғы сәйкес уақытта 9,5 пайыз болған. Яғни, биыл 1 пайыздың көлемінде айырмашылық бар. Азық-түлік тауарына деген бағаның өсуі 5,5 пайызға, азық-түлік емес тауарларда 7,5 пайызға дейін баяулағанын көріп отырмыз. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, 2023 жылға қарағанда 2024 жылы едәуір экономикалық оң процестің орын алғанын айтуға

болады. Сондай-ақ сыртқы сауда балансының да жақсаруын атап өту керек. Мысалға бірінші жартыжылдықта сыртқы сауда айналымы 55 млрд долларды құрады. Оның ішіндегі экспорт 1,5 пайызға өсіп, 32,5 млрд долларды, ал импорт 7,5 пайызға қысқарып, 22 млрд долларды құрады. Яғни, оң сауда балансы 9,5 млрд долларды құрап, ол өткен жылмен салыстырған кезде 32 пайызға нығайды. Осындай факторлар экономикадағы әртараптануды кезіндегі жақсы қадамдар деп айтуға болады.

– Мемлекет басшысының экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша тапсырмаларын Үкімет қаншалықты жүзеге асыра алды?

– Экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз

ету бойынша Президенттің арнайы тапсырма бергені белгілі. Үкімет сол тапсырманы орындау үшін әртүрлі қадам жасады. Енді оның тиімді не нәтижесіз болғанын әртүрлі бағалауға болады. Негізгі нәтижелерін жаңа да айтып өттім. Мәселен, инфляцияны төмендетуде үдеге жетті. Инфляция 9,5 пайыздан 8,5 пайызға дейін төмендеді. Бағаның төмендеуі де үкіметтің жұмысын бағалауға оң әсерін беретін фактор. Өңдеу саласындағы инвестициялық жобалар, 25 мың адамның жұмыспен қамтамасыз етілуі де оң үрдіс. Бұл макроэкономикалық көрсеткіш бойынша жақсы нәтижелерге жеткізді.

Көп аймақтарда халықты жұмыспен қамтамасыз ету, экономикалық даму қарқынының төмен екенін әлі де байқап отырмыз. Тауарлардың бағасын тұрақтандыру және халықтың табысын арттыру мәселесі де толық шешілген жоқ. Мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалардың орындалу қарқыны да баяу. Бұл енді үлкен кемшілік. Өйткені ақшаның бағдарламалармен бөлінуі бір басқа, оны игеру бір басқа. Яғни, игеру мәселесіне келген кезде дұрыс бағыттардың жүзеге аспай жатқанын көруге болады.

(Соңы 5-бетте)

• КӨКЖИЕК

КИНО. ТАЛҒАМ. ТАРАЗЫ

Тағы бір жылды артқа тастап, алдағы жылдың есігін қағар тұста руханият әлеміне де бір үңілейікші.

Мәдениет, әдебиет, театр және кино – адамзатты құтқарушы құндылық. Әдетте, күнделікті сүргіннен бас көтермей жөңкіле бересің, ал басыңды көтере қалсаң ішкі бір күйіңе әдемі азық, рухани шығу қажетін түсінесің. Бұған дейін оны адамзат қайдан алды, шөліккеген көңілін немен суарды, қатай бастаған жүрегің қалай жібітті?! Әрине, төл мәдениетімен. Әдебиет те, кино да бұған дейін бізге «оң бетіңнен ұрса, сол бетіңді тос» дейтін кешірімшіл, кеңдікті үндейді. Ол өнер бұл тұрғыдағы миссиясын адал атқарды. Алдыңғы буынның өз дәуірінің әдебиет, мәдениет, руханиятын ерекше бір сағынышпен еске алатыны да осыдан шығар. Ал қазір ше?! Адам миінездер қаттығысы мен ұлы мәртебелі өнер қай суреткерде қалай үйлесіп жүр?! Бұл тақырып терін талдауды қажет етеді, әр шығарма бір-бір шолудың жүгі. Бүгін тек қазіргі қазақ киносына, онда да соңғы бірнешеуіне ғана тоқталайық.

Мәселен, ұлттық киноның білгірі, шебер режиссер Данияр Саламаттың «Талақ» фильмі Б. Майлин шығармаларын арқау ете отырып, таласты тақырыпты ортаға тастайды. Дамыған, бақуатты елдер көшіне ілесуге ниетті қазіргі көптің сіңіріне ілінген, бір кездегі өзінің кедей тарихын қабылдауды қиын. Мұның қасында оларға қазақ даласындағы қызыл қырғын да, ауыр кезеңдер, кейіпкерлердің ішкі күйі мен күйзелісі де сөз емес. Бұл фильм дамыған адамға дамымаған замандағы күйін шебер көрсетеді. Оны қабылдау, қабылдамау, оқиғалар мен кейіпкерлер әртүрлі психологиялық ахуалдар арқылы дәл жеткізіледі.

Жалпы, адамның ішкі сферасын, ішкі өзегінің соншалықты мықты болуы өткен тарихқа деген әділетті бағасынан көрінеді. «Талақ» төңірегіндегі дау қоғамдағы осындай ахуалды таразылады. Бұл фильм де өмір бар, оқиға, сезім, жан бар. Бірақ мұндай фильмдер санаулы...

Соңғы түсірілген фильмдердің бірі – «Нұрикамал». Бір әннің тарихы желісімен түсірілген фильм әдемі адамдар, әдемі киім, әдемі декорация шеңберінде ғана көрермен есінде қалады. Бұл қазақ киносының әлі күнге дейін модель эртістер деңгейінен көтеріле алмай жүргенін көрсетті.

Кинотеатрлардың төрін бермей жүрген комедияларға қатысты әңгіме бөлек. Ештеңе түсірілмей тыныш жатқаннан жақсы шығар дегін-ақ келеді, бірақ оларға қарап отырып, осы саланы біраз уақыт кино санатынан бөліп алып, жай ғана экрандалған коммерциялық өнім деп мөрлеген дұрыс па дейсіз кейде. Өйткені «Кеттік бәрін таста!», Бишарашки, «Таптым ау сені 1-2» т.б. осы секілді ондаған туындыларды жастар кино деп барып жүр. Қоянбаевтан, Адамбаевтардан басталған бұл ыржақай үрдіс жастардың киноға қатысты түсінік танымын бұзды. Олардың түсінігінде кино – бүгінгі қойыртпақ қылжан. Осындай аудиториялық талғам бүгінгі режиссерлер мен продюсерлердің сауат, деңгейінің «жемісі». Өлемдік классика мен өз комедияларын қатар қойып, көрерменге ұрсатын топтың «Моанаға» барып маскара болып отырмайық. Бөтен елге ақшаны жіберіп, оларды байытуды қойғанымыз дұрыс. Кавказ халқы өздері, олар өздерінің шығарған дүниесіне барады. Түріктер де өздерін қолдайды. Енді біз қазақтардың сыналатын уақытына келіп тұрмыз. Себебі осы жолы Голливуд пен Қазақстанның текетіресі болады...» дейтін «реніш-наласы» киноны өнер деп әлпештейтін көрген суреткерді емес, «құлмас бетке жаңылмас жақ берген» алқеуделікті ғана алға тартты. Бұл бүгінгі деңгей.

Кино да шетсіз, шексіз кеңістік. Болашақта осы деңгей бір кездегі сарыжағал басылымдардан құтылған БАҚ секілді іріктеліп, сүрленер, тазарар деген үміт бар. Тек өтпелі, өліра шақтағы ұрпақ талғамы осы баспалдақта қалып қалмаса болды.



Шолпан ҚАРАЕВА,
«Заң газеті» бас редакторының орынбасары

• БІР МҮДДЕ

Білім беру жүйесінің мұғалім – жүрегі болса, оқулық күре тамыры. Қазақ тілі елімізде мемлекеттік тіл болып бекітілгені белгілі. Соған орай, қазіргі кезде елімізде қазақ тілі I сыныптан бастап XI сыныпқа дейін оқытылады. Бірақ шынайы өмірде байқап жүргеніміздей, орыстілді мектептің оқушылары және оны бітіргендер қазақ тілін меңгермейді. Сондықтан да орыстілді мектептердегі қазақ тілін оқытудың әдістемесін дұрыс жолға қою керек деп есептеймін.

ОҚУЛЫҚ – БІЛІМ КӨЗІ

Егер мектепте қазақ тілі жүйелі түрде оқытылатын болса, онда орыстілді мектепті бітіргендер қазақ тілін күнделікті ауызекі тілде меңгеріп шығар еді. Оның көптеген себептері бар деп ойлаймыз.

Қазір оқулықтардың безендірілуі, қағаздардың сапасы жақсарған. Яғни, тіл үйретуде оқушыларға әдемі, тартымды, мазмұнды оқулықтар ұсынып, олардың тілге, білім мазмұнына қызығушылығын арттыруға толық болады. Ендігі мәселе сол оқулықтардың мазмұнында. Балаларға арналған оқулықтар, әсіресе бастауыш сыныптарға арналған кітаптар қарапайым, түсінікті, қызығалы болуы керек. Балалар аз сөз үйренсе де оны жадына тоқып, ұмытпауы қажет. Сондықтан біздің ойымызша берілген сөздер және сөз тіркестері әртүрлі тапсырмалар арқылы ұсынылып, тіл үйренушілер оны сұхбат, сурет, әртүрлі ойындар арқылы игеруі тиіс. Яғни, сөздердің жиі қайталануы тіл үйретуде өзіндік нәтиже береді. Ұсынылатын сөздер күнделікті өмірде қолданатын болғаны жөн. Бұл тіл үйрету әдістемесінің ең қарапайым қағидасы деп ойлаймыз. Осы реттен келгенде, орыстілді мектептерде арналған оқулықтарға тән мынадай ортақ кемшілікті байқадық. Олардың тіл меңгеруіне байланысты лексикалық және грамматикалық мазмұнды ескермеуінде. Сол сияқты әр тілдің грамматикалық заңдылықтары да әр алуан.

Тіл үйренуші күнделікті өмірде, тұрмыста, қоғамдық орындар мен қызметте қолданатын ең қажетті, өзекті лексикалық бірліктерді үйренуі керек.

Әлемнің дамыған елдерінде, әсіресе, ағылшын, испан, неміс, жапон, араб, француз, орыс тілдерін үйретуде мектептен бастап ересек адамдарға дейін тіл үйрету

бағдарламалары, оқу құралдары тілдік минимумдарға негізделеді. Мысалы, еліміздегі кітап дүкендерінде ағылшын тілін үйренудің балаларға арналған бастапқы сөздері ұсынылған кітаптар жиі кездеседі. Олардың безендірілуі, сөздерді ретімен ұсынуы аса тартымды. Бізде де балаларға арналған оқулықтарда осындай тиімді тәжірибені ескеру керек деп ойлаймын.

Мектепке арналған қазақ тілін үйрету құралдарында тарихи, этнографиялық, мәдениет тақырыбындағы мәтіндер, тапсырмалар көп берілген. Мысалы, «Ежелгі көшпелілер мәдениеті», «Қазақстандағы ұлттар достастығы», «Жердегі климаттық өзгерістер» сияқты тақырыптар жазылған. Ал қазақ тілін енді үйренуді бастаған орыстілді оқушылар бұл тақырыптарға қызықпайды да, әрі күнделікті бұл тақырыптар туралы өзара сөйлеспейді де. Менің ойымша, мектеп оқушыларына күнделікті сөйлеу лексикасына негізделген, мысалы «Дүкенде», «Базарда», «Саябақта», «Ойын-сауық орталығында», «Спорт сарайында», «Үйірмеде» деген сияқты балалар күнделікті баратын орындар туралы мәтіндер мен тапсырмалар көбірек берілгені жөн. Сонда тіл үйренуші оқушылардың күнделікті сөйлесу практикасы мен оқулық мазмұны сәйкес келіп, тіл үйрену нәтижелі болмақ.

Қазақ тілін әлі меңгермеген және оны үйрену үстіндегі орыстілді мектеп оқушылары үшін көркем шығармалар ұсынғанда олардың тілінің оңайлығына мән беру керек. Мысалы шет тілдерді үйрету әдістемесінде авторлар белгіленген мәтіндерді көбірек ұсынып, сөз мәтіндерге күнделікті кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін жиі ұсынады. Сол арқылы оқушының тіл үйренуіне тиімді мүмкіндік жасайды. Біздің



Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газетінің» журналисі

оқулықтарда классиктердің түсінуі мен үйренуге күрделі әдеби шығармалары ұсынылады. Оны қазіргі қазақ мектебінде оқитын балалардың өзі түсіне бермейді.

Мұндай оқулықтарды жаңа барысында авторлар құрамына да мән беру қажет сияқты. Мысалы, тіл үйретуге арналған оқулықтар жазуға мектептің мықты мұғалімдері тартылып, олар әдіскерлер және ғалымдармен бірге авторлар құрамына кірсе, онда біздің ойымызша, практика мен теория өзара бірігіп, оқу құралының мазмұны тіл үйрету үшін қажетті сапада болып, оқушыларға қазақ тілін үйретудің тиімділігі күшейер еді.

Жалпы, қазақ тілін оқыту мемлекеттік тіл ретінде мектептен бастап қолға алынғанымен оның нәтижесіне ден қойылса, онда қазіргі орыс мектептеріндегі жастардың бәрі қазақша сөйлер еді. Біз ересек адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді оқытпақ боламыз, оның нәтиже бермейтіні түсінікті. Ессесіне, бар құшімізді өскелең ұрпақтың мемлекеттік тілді білуіне жұмсақ, күні ертен Қазақстанда мемлекеттік тілді білетін жана буын өсіп шығады. Ол үшін мектептің қазақ тілін үйрететін оқулықтарын дұрыстау қажет сияқты.

Жазбамда тек бір ғана пәнге байланысты мәселеге тоқталғанымыз, бұл жалпы мектептегі оқулықтарда орын алған ортақ кемшілік деп айтқым келеді. Сондықтан оқулықтар әзірлеуде авторлар құрамы белгілі бір іріктеуден өтіп барып таңдалса.

• БАҒДАР

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

XXI ғасыр – сандық технологиялар заманы. Ақпараттық технологиялар қарыштап, озық инновацияның дәуірі келді. Интернет жалпыға ортақ қажеттілікке айналды және жалпыға қолжетімділік ерекшеліктеріне ие болды.

Интернет – технологиялар әлемінің қарқынды дамып келе жатқаны сонша, көптеген жаңа бағдарламалау тілдері сенімді және толық жұмыс істейтін болды. Сонымен бірге, сандық технологияның халық тұрмысын жақсартудағы атқаратын рөлі маңызды.

Озық елдер тәжірибесі көрсеткендей, тиімді цифрландыру шаралары экономиканы қарқынды дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын

арттырудың негізгі факторына айналды.

Сандық технология еліміздің өркениетті мемлекеттер қатарында болуында таптырмас мүмкіндік. Бүгінгі күні смартфон, планшет, ноутбук, компьютер, сандық технологияларды әрбір қазақстандық меңгеруге тырысады.

Қазіргі заманғы ақпарат әлемінде интернеттің маңызы зор. Жыл сайын сайттар мен жеке интернет-парақтар саны



Шолпан НАУРЫЗБАЕВА,
«Заң газетінің» дизайнері

артып келеді. Мемлекеттік тілдегі сайттар көбейіп келе жатқаны да қуантады. Күн сайын біз көптеген сайттарды қараймыз, олардан өзімізге қажетті ақпаратты аламыз.

Сайттарды пайдалана білумен қатар оны құра білу де қажет. Ол әрине көптеген жұмыстарды қажет етеді, ең бастысы

ол не мақсатта құрылып жатыр? Әрбір web-сайт текстен, суреттерден, видео ұнтаспаларынан тұруы мүмкін. Мұндай сайттар ғаламшардың кез келген нүктесіндегі компьютерде болады. Интернетте тез дамып келе жатқандығына байланысты күн сайын жаңа сайттармен толығуда.

Интернеттегі сайттар тек дизайны мен түстерімен ғана емес, сонымен қатар онда қолданылатын қаріптер жағынан да ерекше. Сайтқа келушілер оңай қабылдауы үшін, ол графикалық тұрғыдан сәйкес келуі және назар аударуы керек.

Ал жақын болашақта жасанды сана, виртуалдык шындық, нейрокомпьютер, кибернетика, бұлттық есептеу және басқа технологиялар кең тарайтын болады. Келешекте ел дамуының негізгі факторлары да осы саламен байланысты болмақ.

• ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

2024 жылдың көктемі еліміздің өңірлері үшін үлкен сынағын ала келді. Күн жылына бастағаннан-ақ сай-сала суға толып, мыңдаған адамның басындағы үйі, қорасындағы малы қарғын суға батып, елдегі әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылымдар қирап қалды. Мамандардың айтуынша, мұндай көлемдегі ірі су тасқыны елімізде соңғы 80 жылда болмаған екен. Су басқан 14 өңірде төтенше жағдай жарияланды.

Алайда мемлекеттік құрылымдар, гуманитарлық ұйымдар мен жеке сектор арасындағы нақты үйлестіру мен үйлестірілген жұмыс нәтижесінде Үкімет апаттың салдарын барынша азайтып, зардап шеккендерге жедел көмек көрсете алды. Апат салдарын жоюға бюджеттен шамамен 137 млрд теңге бөлінді. Үкімет тарапынан тасқын судан зардап шеккен 36 455 отбасына 100 АЕК мөлшерінде жалпы сомасы 13,3 млрд теңгенің біржолғы әлеуметтік көмегі көрсетілді. Сондай-ақ 21 876 отбасына 150 АЕК-ке дейінгі көлемінде өтемақы (9,9 млрд теңге) төленді.

Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде комиссиялар азаматтардың жалғыз баспанасы болған 19 359 су басқан үй мен саяжай құрылыстарын тексерді. Оларды баспанамен қамта-

масыз ету мақсатында 5 767 тұрғын үй сатып алынды, 9 156 үйде жөндеу жұмыстары аяқталды. Бұл мақсаттарға барлығы 54,7 млрд теңге бөлінді. Қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге халық үшін 2 680 жеке тұрғын үй салынды. Баспана салу ісіне отандық ірі кәсіпкерлердің қомақты қаржылай қолдау білдіріп, көмек қолын созғанын да айтып өткен абзал.

Сондай-ақ инфрақұрылымды қалпына келтіру жұмыстары да қолға алынып, Үкімет резервінен 42,5 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржыға Қостанай облысындағы «Қостанайжөелектросервис» КМК электр желілерін, БҚО жоғары вольтты электр желілерін, Ақмола облысындағы 7 сумен жабдықтау нысанын жөндеуге, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай және СҚО су шайған жол-



Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газетінің» журналисі

дарды қалпына келтіруге, инженерлік инфрақұрылым жобасын іске асыруға, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай облыстарында білім беру нысандарын салып, жөндеуге жұмсалды.

Мал шығыны үшін мемлекет тарапынан көрсетілген көмек көлемі 2,8 млрд теңгенен асты.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу үшін 12,1 млрд теңге бөлініп, шығындары

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

өтелді. Жалпы, өңірлік комиссиялар 14,6 млрд теңгеге 734 кәсіпкерлік өтінімді мақұлдады.

Апаттан құтқару жұмыстарына 63 мыңнан астам әскери қызметші жұмылдырылды. Топан су басқан аймақтардан 120 мың адам, оның ішінде 354 мүмкіндігі шектеулі адам және 45 мыңнан астам бала құтқарылып, эвакуацияланды.

Су тасқыны кезеңінде 120 мыңнан астам азамат құтқарылып, уақытша орналастыру пункттеріне жайғастырылды, оларға барлық қажетті көмек көрсетілді, құдық тәртібін қамтамасыз ету және санитарлық-профилактикалық, эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізілді. Көлік қатынасынсыз қалған Ақтөбе, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының елді мекендерін азық-түлікпен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін алғаш рет қалқыма көпірлер қолданылды.

Арнайы бөлінген техникалардың көмегімен 35 млн текше метрден астам су сорылды, мың шақырымға жуық уақытша қорғаныс бөгеттері мен біліктері тұрғызылды, 7,5 мың шақырымға

жуық арықтар мен каналдар тазартылды, 8 млн астам қашықтар төселді.

Жалпы, апаттан құтқару жұмыстарына жалпы алғанда 63 мыңнан астам адам, 7 мыңдай техника, 1 мыңнан астам су айдау құрылғылары, 418 жүзу құралдары және 38 әуе кемелері жұмылдырылды.

Алдағы уақытта мұндай көлемдегі ауқымды табиғи апаттың алдын алу мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Tasqyn» жобасы жүзеге асырылуда. Жүйе автоматтандырылған режимде су қоймасына су ағынын болжауға, көктемгі су тасқыны көлемін анықтауға және су басу аймақтарын модельдеуге мүмкіндік береді. Оны әзірлеуге цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, су және ирригация, төтенше жағдайлар, экология және табиғи ресурстар министрліктері қатысқан.

Қазірдің өзінде «Қазсуар» РМК 86 су қоймасы цифрландырылды. «Қазгидромет» РМК және GloFAS жаһандық су тасқынының алдын алу жүйесінің деректері бойынша өзендердегі су шығындары мен деңгейлері бойынша нақты және болжамды деректерді көрсететін 75 өзен ағынының цифрлық гидрографы әзірленді.

• **ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ**

**ҚАСИЕТТІ АТАУ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАЛҚАН БОЛМАСЫН**

Өтіп бара жатқан жылдың есте қалған елеулі оқиғаларының бірі батыс өңіріндегі су тасқыны болды. Сәт сайын ауылдар мен қалаларға жақындап, шатырға дейін жеткен су тасқыны талай тұрғын үйлерді жермен жексен етіп, маңызды нысандар, көпірлер мен жолдар, инфрақұрылымдар бұзылды.



Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,
«Zangazet.kz»
сайтының редакторы

«Жаңбыр жаумай су болып» жыл сайын мұхиттың жағасында отырмасак та суға кетіп, қар суының азабын тарту әдетке айналып кетті. Ал төтенше жағдайдың алдын алу, қар суын кәдемізге асырып

игілігін көру бақыты бұйырмай тұр. Қар суын кәдемізге асыра алмаған соң, азабын тартып отыра беретін түріміз бар. Еліміздегі көп ведомство мен жауапты мамандар да көктемгі қар суының алдын алуға машықтанбай ақ қойды. Есесіне нақ осы төтенше жағдайды өз пайдасына жаратып, «өрттенген үйдің жалынына басын үйітіп алуға ұмтылып», біреудің қайғысынан пайда көріп қалуға тырысқандар да болып отыр.

Батыстық тұрғындар дүние мүлкі, малы мен бар жиган тергені су астында қалып, өз жанын сақтау үшін үйінің шатырына шығып жан бағып жатқанда – Biz Birgemiz Qazaqstan қайырымдылық қорының төрайымы Перизат Қайрат миллиардтарды жымқырып үлгерген. Akbulak Riviera, Highvill Ishim Gold, «Көк Жайлау», Sensata Plaza ТК, Vela Village коттедж қалашығындағы элиталық жылжымайтын мүлік, Mercedes-Benz S450, Mercedes-Benz EQE 500, Lexus LX-600, Naval көліктері, құны бір пәтердің құнына тең кол сөмкелер, қымбат әшекей бұйымдардың барлығы бір сәтте барынан айрылған батыстық тұрғындарға еліміздің түкпір-түкпірін-

де тұратын халықтың жинаған қайырымдылық ақшасы болатын. Қашан да ел басына күн туса, осындай төтенше жағдайлар кезінде қолындағы барын бөлісіп жеуге ұмтылатын халықтың әппақ пейілі жемқорлардың жемсауына түсіп кетіп, тиесілі жерге жетпей отыр. Шыны керек қазір елімізде қайырымдылықпен кім көрінген айналысып кетті. Науқастың еміне, баспанасызды үйлі етуге, жалғызбасты әкеге деп халықтан қаржы жинауға көшкен блогерлердің, қоғамдық көлік аралап, қайырымдылық жәшігін арқалап жүрген еріктілердің де түпкі ойы қандай екенін аңғару қиын. Нәтижесінде халықтың жинаған қаржысы тиесілі жерге жетпей жатыр. Осы бір келеңсіз оқиғалар елімізде қайырымдылық туралы заңның тез арада қабылдануы керек екенін аңғартып отыр.

Қазақстан билігі жылу жинау туралы заңға өзгеріс енгізуді және осы саланы реттейтін бірнеше кодексті жаңа ережемен толықтыруды көздеп отыр. Мысалы, қайырымдылық қорларын міндетті аккредиттеу, төтенше жағдай кезінде кімнің жылу жинайтынын анықтауды әкімдікке тапсырып, өз бетінше жылу жинаған жеке тұлғаға айыппұл салу сияқты өзгертулер қарастырылған. Алайда бұл заң елімізде жүздеген жалғызбасты аналарға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға баспана сыйлап жүрген, әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы қайырымдылық қорларын басқарып отырған адал ниетті жандардың жолын кеспей ме?! Аталмыш заң алаяқтарға тұсау салып, ал меценаттарды ынталандырып, халықтың да қайыр жасауға деген көңілін ақтай алар ма екен?! Қалай болмасын тез арада өзгеріс керек...

• **БІЛГЕН ЖӨН**

2025 жылы Қазақстанда заңнамалық талаптарға бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер қоғамдық тәртіпті жақсартуға, жол-көлік оқиғаларын азайтуға және жалпы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Айыппұлдардың көлемі мен түрлеріндегі жаңартулар барлық салаға әсер етеді: жол ережелері, экология, салық және кәсіпкерлік қызметке қатысты.

**АЙЫППҰЛ: ӨЗГЕРІСТЕР
МЕН ЖАҢА ТАЛАПТАР**



Самал АСКАР,
«Заң газетінің» журналисі

нормаларды сақтамау немесе салық міндеттемелерін орындамау секілді әрекеттердің жазасын күшейту – мемлекет тарапынан жауапкершілік пен тәртіпті жоғары деңгейге көтерудің бірден-бір жолы.

Жол қозғалысы ережелеріне қатысты айыппұлдардың ұлғайтылуы, әсіресе, жол-көлік оқиғаларын азайтуға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Мас күйде көлік жүргізу, жылдамдықты шамадан тыс арттыру немесе қауіпсіздік белдігін тақпау сияқты әрекеттер тек айыппұл ғана емес, адам өміріне қауіп төндіретінін де ұмытпау қажет. Сондықтан, жүргізушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру мен жауапкершілігін күшейту басты назарда болуы тиіс.

2025 жылы көлік жүргізушілеріне қойылатын талаптар күшейтілді. Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдардың көлемі айтарлықтай өспек.

1. Жылдамдықты арттыру:

- Жылдамдықты 10–20 км/сағ-қа арттырғаны үшін – 7 АЕК.
- 20–40 км/сағ-қа арттырғаны үшін – 15 АЕК;
- 40 км/сағ-тан жоғары арттырғаны үшін – 30 АЕК.

2. Қауіпсіздік белдігін тақпау:

- Жүргізуші немесе жолаушы белдік тақпаған жағдайда – 5 АЕК.

3. Мас күйде көлік жүргізу:

- Алғашқы рет ұсталса: 70 АЕК және 7 жылға жүргізуші куәлігінен айыру.

- Қайталанған жағдайда – 100 АЕК және 10 жылға айыру.

4. Телефонды пайдалану:

- Көлік жүргізу кезінде телефонды пайдалану – 10 АЕК.
- Экология саласындағы айыппұлдар:

2025 жылы экологиялық заң бұзушылықтарға да ерекше көңіл бөлінді. Табиғатты қорғау талаптарын орындамау айыппұлдардың көлемін ұлғайтуға алып келеді.

1. Қоқысты рұқсат етілмеген жерге тастау:

- Жеке тұлғалар үшін – 20 АЕК.
- Заңды тұлғалар үшін – 150 АЕК.

2. Ауаны ластау (зауыт немесе автокөлік арқылы):

- Экологиялық стандарттарды бұзған кәсіпорындарға: 500 АЕК-ке дейін айыппұл.

Салық және кәсіпкерлік саласындағы айыппұлдар

Салық заңнамасын бұзған немесе кәсіпкерлік қызмет ережелерін сақтамаған азаматтар мен ұйымдар үшін де айыппұлдар ұлғайтылды.

1. Салықты уақытында төлемеу:

- Жеке тұлғалар үшін – 10 АЕК.
- Заңды тұлғалар үшін – 50 АЕК.

2. Лицензиясыз кәсіпкерлік:

- Жеке кәсіпкерлер үшін – 100 АЕК.
- Заңды тұлғалар үшін – 300 АЕК.

Айыппұлдардың алдын алу жолдары

Айыппұл төлемеу үшін қарапайым ережелерді сақтау жеткілікті:

- Жол қозғалысы ережелерін бұлжытпай орындау.
- Қоғамдық орындарда тәртіп сақтау.
- Экологиялық нормаларды қатаң сақтау.
- Салық міндеттемелерін уақытында орындау.

2025 жылы айыппұлдар жүйесіне енгізілген өзгерістер қоғамдағы тәртіпті нығайтуға және азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр. Жол ережелерін бұзу, экологиялық

• **ТАМЫЗЫҚ**

«ӨТКЕЛДЕ АТ АУЫСТЫРМАЙДЫ»

Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі болып Серік Жаманғарин тағайындалды. Жаңа басшыға жүктелер жауаптылық жоғары.

Дегенмен, «Өткелде ат ауыстырмайды» демекші, ел дамуының күретауыры болып отырған экономика саласының басшысын ауыстырғаннан, Үкімет құрамын оңтайландыруға басымдық берген жөн емес пе еді?

Әлемдік тарихқа көз жүгіртер болсақ, бюджет тапшылығын азайтып, кірісті үнемдеуде Үкімет құрамын оңтайландыру арқылы оң көрсеткішке қолжеткізген реформаторлар аз емес. Алайда олардың тәжірибесінен сабақ алғандар некен-саяқ. Қазақстан да солардың қатарында деуге болады. Атап айтқанда, 1990–1993 жылдардағы Экономика және мемлекеттік комитеттен бастаған Ұлттық экономика министрлігі ширек ғасырдың ішін-

де өз атауын 10 рет өзгерткен. Мәселен, 1993–1997 жылдары Экономика министрлігі; 1997 жылы Экономика және сауда министрлігі; 1998–1999 жылдары Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау комитеті; 1999 жылы Экономика және жоспарлау агенттігі; 1999–2000 жылдары Экономика министрлігі; 2000–2002 жылдары Экономика және сауда министрлігі; 2002–2010 жылдары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; 2010–2013 жылдары Экономикалық даму және сауда министрлігі; 2013–2014 жылдары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; ал 2014 жылдан Ұлттық экономика министрлігі деп аталды. Соның нәтижесінде 33 жылдың ішінде бұл уәкілетті орган басшысы 23 рет ауысқан.

Егер кейбір лауазымды тұлғалар оның атауы өзгергенмен, басшылық қызметін одан кейін де жалғастырған уақыттары болғанын ескерсек, ондағы басшылықтың тұрақсыздығы ел экономикасының өсіміне де әсер еткенін еш-



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газетінің» журналисі

кім жоққа шығара қоймас. Бұл әсіресе, уәкілетті орган тарапынан әзірленіп, заң шығарушы биліктің қарауына ұсынылатын заңнамалық құжаттар мен оларға енгізілетін өзгерістер мен түзетулерге де өз ықпалын тигізді. Оны Ұлттық экономика министрлігінің өкілеттігі шектеліп, қызмет аясы тарылғанды да ұлғайған кезде бәріміз сезініп, өз көзімізбен көріп отырдық. Осы тұрғыдан алғанда биік мансапқа енді ие болған Серік Жаманғарин өзін тағайындаған Президент пен Үкімет басшысының ғана емес, бүкіл халықтың үмітін қалай ақтайтыны әзірге белгісіз.

• **ӘЛЕУМЕТ**

**ЖӘРДЕМАҚЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК
ТӨЛЕМДЕР АРТТЫ**



Аружан МАУЛЕНБАЙ
«Заң газетінің» журналисі

Әлеумет саласында да жаңа жылда көп өзгерістер орын алмақ. Мәселен, әр балаға төленетін жәрдемақы мөлшері:

- Бірінші бала үшін – 21 266 теңге,
- Екінші бала үшін – 25 143 теңге,
- Үшінші бала үшін – 28 982 теңге.
- Ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға және көпба-

лалы отбасыларға арналған төлемдер ұлғайтылды.

• Атаулы әлеуметтік көмекке бөлінген қаржы көлемі 85,2 миллиард теңгені құрады.

2024 жылы мемлекеттік бюджеттің жартысынан астамы (52,8%) әлеуметтік салаға бағытталды. Жыл сайын зейнетақыны көтеру аясында 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап төлемдер: базалық зейнетақы 7%-ға, ынтымақты зейнетақы 9%-ға, ынтымақты зейнетақы 9%-ға инфляцияны ескере отырып, индекстелді. Нәтижесінде 2,4 млн зейнеткердің оның ішінде, БЖЗК жинақтау қорынан зейнетақы алатын 459,3 мың зейнеткердің зейнетақысы көбейді. Орташа зейнетақы көлемі 165 мың теңгеден асты. Бұдан бөлек, базалық зейнетақыны кезек-кезеңімен көбейту жұмыстары жалғасып жатыр. Сондай-ақ жұмыс беруші төлейтін міндетті зейнетақы жарнасы 2028 жылға қарай 5%-ға ұлғаяды.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жа-

лақы 85 мың теңгеге дейін артты. 1,8 млн адам, оның ішінде бюджет қызметкерлері қамтылды. 600 мың азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын кезек-кезеңімен 20%-ға арттыру жалғасуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік қорғау шаралары жүзеге асырылып жатыр, табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдар саны азайып келеді. Цифрлық отбасы картасы арқылы 8430 мыңнан астам адамға мемлекеттік қызметкер көрсетілді. 845 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды, оның 401 мыңнан астамы жастар. 9 мыңға жуық азамат, оның ішінде мүгедектігі бар жандар және ерекше қажеттілігі бар балалы ата-аналар бизнес-идеясын жүзеге асыруға грант алды.

2024 жылдан бастап Қазақстанда «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламаға қолға алынды. Бағдарламаға сәйкес Ұлттық қордың жыл сайынғы

инвестициялық кірісінің 50%-ы 18 жасқа дейінгі балалардың арнайы жинақ шоттарына аударылады және оны мерзімінен бұрын шешуге болмайды. 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап төлемдер басталды, олар Қазақстан азаматтығы бар 18 жасқа дейінгі барлық балаға арналған. Қазірдің өзінде уәкілетті операторлар арқылы \$3,4 млн сомасына 33,5 мыңнан астам өтінімнің қаражаты банктік шоттарға аударылды. Оның ішінде \$1,8 млн сомасына 18 мыңға жуық өтінім тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталса, \$1,6 млн сомасына 15,5 мың өтінім білім алу үшін төленді.

2024 жылы денсаулық сақтау саласына мемлекет айрықша көңіл бөлді. Ауылдық аймақтарда медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы жүзеге асырылды. Жоба аясында:

- 655 жаңа медициналық мекеменің құрылысы басталды;
- Оның 251-і жыл соңына дейін пайдалануға берілді. Жаңа медициналық мекемелер:
- 160 дәрігерлік амбулатория;
- 257 медициналық пункт;
- 238 фельдшерлік пункт-тен тұрды.

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын төмендетпеу үшін үкімет 2025 жылы қандай шаралар жасауы мүмкін?

– Ең бастысы, бағаны тұрақтандыру және инфляцияны бақылау. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын реттеу. Яғни, азық-түлік, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызметтер, жанар-жағар май бағасын тұрақтандыру үшін мемлекет бақылауды күшейту керек. Жергілікті және орталық мемлекеттік атқарушы органдардың барлығы да халықтың қалтасына әсерін тигізетін бағыттарды тікелей қадағалауы тиіс. Одан кейін оның тетіктерін де жетілдіру керек. Азық-түлік пен дәрі-дәрмекке қатысты сауда желілерімен әкімшіліктер, министрліктер меморандумға отырып, делдалдық схемаларды қысқартуы тиіс. Біздегі ең кемшін тұс – сатушы мен сатып алушы арасындағы делдалдар мүддесінің жоғарылығы.

Цифрлық бағдарламаларды қолданып алыпсатарлар мен делдалдардың қызметін реттеу де үлкен шаруа болып табылады. Ол жүзеге асса, нәтижелі болады. Сосын азық-түлік өндірісіне, ауыл шаруашылығына, коммуналдық қызметтерге мемлекет тарапынан бөлінетін субсидияларды да арттыру керек. Өйткені инвестициялық тартымсыз салаларға мемлекеттік субсидия көмегісіз жұмыс атқару қиын. Сосын ең төменгі жалақы мен зейнетақы мөлшерін де кезең-кезеңімен арттыруды қолға алуымыз керек. Ауылдық жерлерде, моноқалаларда арнайы бағдарламаларды қабылдау арқылы жұмыс орындарын көбейту қажет.

Экономиканың негізгі драйвері шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау керек. Қазіргі қабылданайын деп жатқан Салық кодексіне де, Банк туралы заңда да осы шағын және орта бизнеске ерекше статус беріп, олардың дамуына барлық жағынан мүмкіндік ашу қажет.

Тұрғын үй мәселесін де қалтарыста қалдырмау маңызды. Халыққа қолжетімді тұрғын үй бағдарламаларының мөлшерін көбейту қажет. Шалғай аймақтарда да инфрақұрылымды қолжетімді ету керек. Энергия тиімділігін арттыруға байланысты коммуналдық шығындарды азайту да 2025 жылдың күнтізбесінде тұратын мәселелер. Сосын әлеуметтік қамтамасыз етуде де көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге, мүгедектерге, әлеуметтік аз қамтылған жандарға жәрдемақы көлемін көтеру кезек күттірмейді. Әлеуметтік көмек беруде цифрлық технологияларды пайдалана отырып, діндеген адамға жетуі маңызды. Бізде еңбекке қабілетті, бірақ жұмыс істегісі келмейтін, тек әлеуметтік төлемдерге ғана қарап отырған азаматтардың көптігін байқаймыз. Сол үшін оларды жұмыспен қамтамасыз етіп, әлеуметтік көмектерді мұқтаж адамдарға ғана беру керек. Денсаулық сақтау саласына, балабақшаға сапалы кадрлар даярлауға байланысты жүйені дамытып, олардың тетіктерін жетілдіру қажет. Газ, электр, сумен қамтамасыз етуді жақсартып шағын қалалар мен ауылдарды дамытып, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жаңа технологиялар мен инновациялық жобаларды арттыру керек. Экономикадағы ең үлкен қаржы көзі болып табылатын Ұлттық қордың жұмысын да тиімді пайдалануды жолға қойған жөн. Ұлттық қор қаражатының дұрыс активтерге салынуы,



Бауыржан ЫСҚАҚ,
«Тұран-Астана» университетінің профессоры:

«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫҢ ӨЗІ БІЗ ҮШІН ҮЛКЕН ТӘУЕКЕЛ»

дивиденттердің дұрыс бөлінуі секілді жағдайларды күн тәртібінен түсірмеу керек. Мемлекет тарапынан берілетін әртүрлі субсидиялардың әділ бөлінуі үшін оның технологиясын цифрлық платформалар арқылы дамытып, бюрократиялық қысымдарды азайту қажет. Осылардың барлығы 2025 жылы үкіметтің басты назарында тұруы өзекті.

– Бюджеттің кірісінен шығысы басым боп тұрған кезде инфляцияны төмендетудің қандай жолы бар?

– Бұл Үкіметтің қандай саясат ұстанып, шаралар қабылдауына байланысты. Маңызды салаларға бірінші кезекте басымдық беру керек. Яғни, экономикалық өсімді қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық жобаларға қарай бағыттау қажет. Сырттан импорттық тауарларды сатып алуға емес, керісінше отандық кәсіпорындарға, оның ішінде дайын өнім шығаратын кәсіпорындарға басымдық беру керек. Сол арқылы біз теңгенің теңгерімдігін де, экспорттың үлесін де арттыруға мүмкіндік аламыз. Сосын тиімсіз шығындарды қысқарту қажет. Жоғары атқарушы органдар бастап, ең төменгі ауылға дейінгі аралықтағы барлық шығындарды мониторинг жасау арқылы, оның қажетті-қажетсіз екенін анықтауымыз керек. Бізде үкімет қаражатының лайықты түрде жетпеуіне тиімсіз шығындардың көп болуы әсерін тигізіп жатыр. Сонымен қатар жеке секторда бизнестің инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларға қатысуын қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік шығындарды төмендету де маңызды іс болып та-

Салықтық жеңілдіктерді тек қана экономикалық нәтиже беретіндерге беру керек. Біздегі көп жеңілдіктер монополист компанияларға беріледі. Бірақ та қайтарымына жауап жоқ. Сондықтан салықтық жеңілдіктердің ара-жігін ажырату керек.

былады. Салық саясатын жетілдіріп, экономикадағы көлеңкелі сектордың үлесін азайту қажет. Салықтық жеңілдіктерді тек қана экономикалық нәтиже беретіндерге беру керек. Біздегі көп жеңілдіктер монополист компанияларға беріледі. Бірақ та қайтарымына жауап жоқ. Сондықтан салықтық жеңілдіктердің ара-жігін ажырату керек. Кәсіпкерлерді ынталандыруды салықтық ставкаларды оңтайландыру арқылы арттыруға болады.

Ақша-несие саясаты да үлкен мәселе. Базалық ставканы көтеру арқылы бола ма, әлде талаптарды көтеру арқылы бола ма несиенің қолжетімділігін шектеуіміз керек. Біз халықтың несиесіне алатын заттарды, қызметтерді жұмыс істеу арқылы өзінің еңбекақысына алатындай жағдайға жеткізуіміз қажет. Ақшаның массасын да азайту маңызды. Айналымдағы артық ақша массасын азайту үшін облигациялар шығарып, Ұлттық қордан қаржы тартуды шектеуіміз қажет. Яғни, нарыққа көп қаржы кірген жағдайда, ол инфляцияға алып келеді. Валюта нарығын да тұрақтандырып абзал. Импорттық

инфляцияның алдын алу маңызды. Мысалға, Ресейден импорттық тауарлар көп кірген сайын сол тауарлардың бағасымен инфляцияның да кіретінін біз назардан шығармауымыз керек. Сол үшін импорттан гөрі, экспортқа көп шығаратын мемлекетке айналуымыз қажет. Импорттық тәуелділікті азайтып, әлеуметтік маңызы бар тауарларды субсидиялауымыз және баға тұрақтылығын қамтамасыз етуіміз керек.

– Шетелге заңсыз шығарылған қаржыны қайтару неге саябырсып қалды?

– Бұл әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Өйткені бұл өте күрделі және көп уақытты талап етеді. Оған ішкі және сыртқы факторлар да әсер етеді. Бірінші, сыртқы факторлар. Халықаралық әртүрлі құқықтық қиындықтар. Мемлекеттер арасындағы әртүрлі юрисдикциялардың күрделілігі, әр елдің қаржы, салық және банк жүйелерінің әртүрлілігі де оған әсерін тигізеді. Мемлекеттер арасындағы келісімдердің болмауы, ұлттық базаның әртүрлі болуы да оған әсерін

арқылы да қаржының қайдан шыққанын көрсету өте қиынға түседі. Сол үшін де бірінші кезекте біз халықаралық келісімдерді күшейтіп, Ұлттық базаны жетілдіріп, қоғамның бақылауын арттырып, арнайы мамандандырылған ресурстарды пайдалануымыз керек. Осындай маңызды жұмыстармен ғана біз бұл сұрақтың нәтижесіне жетеміз деп ойлаймын.

– 2025 жылға болжамыңыз қандай?

– Экономикалық өсім күтеміз. Бұл 4 пайызға дейін болады деген болжам бар. Ол макроэкономикалық саясат пен шикізаттық емес секторды дамыту шараларына байланысты. Мұнай бағасының тұрақтылығы да елдің экспорттық кірісіне жақсы әсерін тигізеді. Жаңа кен орындарының игеріліп жатқанының өзі энергетикалық сектордың дамуына ықпал етеді. Өңдеу өнеркәсібін де дамытуымыз керек.

Инфляция 6-8 пайыз аралығында болады деген болжам жасалуда. Азық-түлік бағасын тұрақтандыруға байланысты да түрлі жұмыстар жасалуы керек. Шағын және орта бизнес сала-

сын қолдауға байланысты жаңа жұмыс орындары ашылады деген үміт бар. Әлеуметтік сала бойынша да қолдаулар жалғасын таба береді деген сенімдемеміз.

Саясатта саяси тұрақтылық болуы керек. Өйткені инвесторлардың бірінші қарайтыны елдегі саяси тұрақтылық. Мемлекеттік басқарудағы реформалар тиімді жағына қарай жалғаса беруі керек. Қазақстанның көпвекторлы саясаты да шетелдік инвесторлардың келуіне ықпалын тигізеді. Соңғы уақытта Қытаймен, Еуроодақпен, Түркиямен экономикалық байланыс орнатуымыздың өзі де оған жақсы ықпал етеді деп ойлаймын. Цифрландыру, инновациялық жобалар, жасыл технологиялардың дамуы да өзінің тиімді әсерін тигізеді. Сонымен қатар тәуекелдер де бар. Онсыз болмайды. Әлемдік экономикалық тұрақсыздықтың өзі біз үшін тәуекел. Экспорттың көп болуы да, импорттың көп болуы да инфляциялық қысымға әкелуі мүмкін. Климаттық өзгеріс, судың тапшылығы, ауа-райының қолайсыздығы да ауыл шаруашылығына өз әсерін тигізеді.

Егер ойымызды қорытындылайтын болсақ, 2025 жыл Қазақстан үшін экономиканың әртараптануына, әлеуметтік тұрақтылықты, экологиялық мәселені шешудің жылына айналады деген сеніміміз бар. Алайда біз барлығына да дайын болуымыз керек. Бұл үшін экономикадағы болатын құбылыстарға дер кезінде жауап беретіндей жақсы саясат туралауымыз керек деп ойлаймын.

– Үмітіңіз ақталсын. Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• КЕЛБЕТ

АБЫРОЙЫ АСҚАҚ ТҰЛҒА

Бүгінгі кейіпкеріміз еңбегімен танылған, ұрпаққа үлгі, елінің құрметіне бөленіп, сот жүйесінің тарихынан орын алған бірегей тұлға. Бағдат Советұлы Серғалиев сот жүйесінде 22 жылдан астам судья лауазымында қызмет атқарып келе жатыр. Осы уақыт аралығында әріптесіміз көптеген шәкірттер тәрбиеледі.

1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің заңгер мамандығын тәмамдаған ол еңбек жолын 1990 жылы заң кеңесшісі болып бастаған. 1992 жылы Балқаш қаласының прокуратурасында аға тергеуші болып қызмет атқарған. Құқық қорғау органдарында жұмыс жасай жүріп, 2002 жылы Балқаш қалалық сотының судьясы болып тағайындалған. Содан кейінгі жылдары Приозерск қалалық, Жаңаарқа аудандық соттарында төрағалық қызмет атқарып, 2017 жылы Қарағанды облыстық сотының судьясы болды. Осы сотта қазіргі уақытқа дейін қызмет атқаруда.

Бағдат Советұлы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот жүйесінің үздігі» төсбел-

гісімен, Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Жеті жарғы» төсбелгісімен, облыстық сот төрағасының құрмет грамоталарымен және көптеген алғыс хаттармен марапатталған.

Бағдат Советұлымен бірге қызмет атқарған кезеңі туралы Қарағанды облыстық сотының судьясы Қымбат Көміртасқызы: «Бағдат Советұлымен біз тоқсаныншы жылдары Балқаш қаласында ол кісі прокуратура органдарында жұмыс атқарып жүрген кезінде таныстық. Содан кейін 2002 жылы ол алғаш рет Балқаш қалалық сотының судьясы болып тағайындалды. Бұл уақытта мен судья болып қызмет атқарып жүрген едім. Қазір екеуміз де ұзақ уақыт бойы Қарағанды облыстық сотында жұмыс істейміз.



Әріптесім күнделікті жұмысында әділдіктің туын биік ұстап, ар мен заңды басшылыққа ала отырып, міне 20 жылдан астам судья лауазымын-

да абыройлы еңбек етіп келеді. Бағдат Советұлының көп жылдар бойы күрмеуі қиын қылмыстық істерді қарау тәжірибесіне қарап білімі мен кәсіби шеберлігіне жоғары баға беруге болады. Ол өз ісінің кәсіби маманы, өз жұмысында талапшыл, әділ, қатал. Сондай-ақ әріптесіміз жас судьяларға тәлімгер болып, білгенін ерінбей үйретіп келе жатыр.

Бағдат Советұлы көп балалы әке, жақындары мен туыстарының арасында, достары мен әріптестерінің ортасында өте сыйлы, көңілді және позитивті адам. Ол кісі Қарағанды облысы соттары ұжымында ғана емес, республика көлемінде абыройы биік, үлгі алатындай зор тұлға.

Әріптесімізді мерейтойы қарсаңында шын жүректен құттықтағым келеді. Әрине, ең алдымен оған және осындай жақсы адамды дүниеге әкеліп, тәлім-тәрбие берген анасына, туыстары мен жақындарына амандық пен бақыт тілей отырып, барлық жоспарлары мен армандары орындалуына шын жүректен тілектеспін», – деген жүрекжарды лебізін білдірді.

Бағдат Советұлын біз де өз тарапымыздан құттықтай отырып, зор денсаулық ұзақ өмір, сарқылмас қуат пен бақыт тілейміз!

Қарағанды облыстық сотының ұжымы

• ТҮЙТКІЛ

РИЭЛТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: РЕТСІЗДІК ЖАЙЛАҒАН НАРЫҚ

Қазақстанда жылжымайтын мүлік нарығы қарқынды дамып келеді. Алайда бұл салада риэлторлардың қызметі әлі күнге дейін заңмен реттелмеген. Ресми деректер бойынша, елде 1 157 заңды тұлға және 1 636 жеке кәсіпкер риэлторлық қызмет көрсетумен айналысады. Бірақ тіркелмеген риэлторлардың саны бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкін.

Саладағы тәртіптің жоқтығы тұтынушылар құқықтарының бұзылуына, алаяқтық әрекеттердің көбеюіне әкелуде. Жылжымайтын мүлік нарығындағы риэлторлардың қызметі көбінесе бақылаусыз қалып отыр. Кейбір риэлторлар нарыққа жаңа кірген сатып алушыларды алдап, жоғары комиссия алуға тырысады. Сонымен қатар, жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату келісімдері кезінде риэлторлардың екі тараптан да комиссия талап етуі жиі кездесетін мәселе. Мұндай жағдайда тұтынушылар айтарлықтай шығынға ұшырап, өз құқықтарын қорғау үшін күрделі сот процестеріне жүгінуге мәжбүр.

Мысалы, Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, жылжымайтын мүлік нарығында алаяқтық әрекеттерге байланысты шағымдардың саны жыл сайын өсіп келеді. 2023 жылы осындай 3 200-ден астам арыз тіркелген. Бұл тек ресми деректер ғана. Ал құқық қорғау органдарына жүгінбеген азаматтардың саны одан да көп болуы мүмкін.

де реттелген. Олар әрбір келісімшартты заңға сәйкес жүргізіп, тұтынушылардың құқықтарын сақтауға міндетті. Қазақстанда мұндай тәжірибені енгізу – уақыт талабы.

Риэлторлық қызметті реттеу – азаматтардың құқықтарын қорғау ғана емес, ел экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етудің де негізгі шарты. Бұл саладағы тәртіпті енгізу үшін мемлекеттік органдар, кәсіби қауымдастықтар және қоғам тарапынан белсенділік қажет. Әрбір тұтынушы сенімді нарықта қауіпсіз қызмет алуға лайық. Қазіргі таңда жылжымайтын мүлік нарығын реттеу – мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатының маңызды бөлігі болуға тиіс.

Қызметі үшін пәтерді жалға алушыдан ай сайынғы төлемнің кемі 30 пайыз мөлшерінде ақы сұрайды. Бұл дегеніміз, егер сіз ай сайын 200 мың теңгеге жалдап тұруға риэлтор көмегі арқылы пәтер тапсаңыз, қызметі үшін қосымша 60 мың теңге шығындайсыз. Ал пәтер іздеп жүр-

нистрілігімен бірлесіп, риэлторлардың қызметін қатаң бақылауға алу туралы шешім қабылдады. Жаңа ережелерге сәйкес, риэлторлар жоғары тәуекел тобына енгізілді. Бұл шешім агенттік тарапынан риэлторлық қызметтердің ақшаны жылыстату үшін жиі қолданылу қаупімен түсіндірілді. Яғни, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар заңсыз жолмен алынған қаражатты заңдастырудың бір түрі ретінде танылып отыр.

Жылжымайтын мүлік арқылы ақша жылыстату – заңсыз кірістерді жасырудың ең көне әрі кең тараған әдістерінің бірі. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мәліметтері бойынша, бұл сала қылмыстық жолмен алынған ірі қаражаттарды жасыру үшін қолайлы жағдай жасап отыр. Мысалы, Global Financial Integrity (GFI) ұйымының дерегіне сәйкес, 2015–2021 жылдар аралығында АҚШ-та жылжымайтын мүлікпен жасалған мәмілелер арқылы 2,3 миллиард доллардан астам ақша жылыстатылған. Мұндай әрекеттер экономикаға елеулі қауіп төндірді.

Қазақстанда риэлторларға қатысты заңнаманы қабылдау бірнеше рет талқыланғанымен, нақты шешімдер қабылданбаған еді. Биыл ақпан айында Парламент Мәжілісінің бір топ депутаты «Риэлторлық қызмет туралы» заң жобасын әзірлеп, оны Үкімет қарауына ұсынды.



Реттеудің жоқтығы қандай мәселеге әкеледі?

Мемлекеттік органдар риэлторлық қызметтің лицензияланбауы нарықтағы тәртіпсіздікке жол ашатынын мойындайды. Алайда бұл мәселені шешуге нақты қадам жасалмай отыр. Қазақстан риэлторлар қауымдастығының өкілдері риэлторлық қызметті кәсіби деңгейде ұйымдастырудың қажеттігін бірнеше рет атап өткен. Қауымдастықтың пікірінше, бұл салада заңнамалық тұрғыда келесідей шараларды енгізу қажет: риэлторларды міндетті лицензиялау; біліктілік талаптарын белгілеу және арнайы оқыту бағдарламаларын енгізу; риэлторлық қызметтің сапасын

Жаңа ережелерге сәйкес, риэлторлар жоғары тәуекел тобына енгізілді. Бұл шешім агенттік тарапынан риэлторлық қызметтердің ақшаны жылыстату үшін жиі қолданылу қаупімен түсіндірілді. Яғни, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар заңсыз жолмен алынған қаражаты заңдастырудың бір түрі ретінде танылып отыр.

бақылау үшін кәсіби стандарттар әзірлеу; риэлторлардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру.

Халықаралық тәжірибе не деуді?

Дамыған елдерде риэлторлардың қызметі қатаң бақылануда. Мәселен, АҚШ-та риэлтор болу үшін міндетті лицензиядан өту қажет, бұл ретте талапкер арнайы оқыту курстарынан өтіп, емтихан тапсыруы тиіс. Германия мен Канадада да риэлторлардың жауапкершілігі жоғары деңгей-

гендерді хабарландырулар түсіп тұратын чаттарға қосудың өзі 10-15 мың теңгеге бағаланады.

Ведомство дерегіне, нарықта баспанаға қатысты мәміле жасау кезінде түрлі алаяқтық схемалар жолға қойылған. Соның ішінде жалған ақпараттар, клиентті жаңылыстыру, жылжымайтын мүлік иесінің рұқсатынсыз саудаға қойылған нысанды жалға, субарендаға беру кездеседі. Сарапшылар барлық проблемалардың себебі ретінде саланың заң арқылы реттелмеуін алға тартады.

Қаржы мониторингі агенттігі жылжымайтын мүлік саласында делдалдардың алаяқтығынан қауіп бар екенін растайды. Өткен айда агенттік Ұлттық экономика ми-

Мәжіліс депутаттары риэлторлық қызметті мемлекеттік бақылауға алу қажеттігін айтып, арнайы заң қабылдау, делдалдардың кәсіби жауапкершілігіне міндетті сақтандыру енгізу, сондай-ақ риэлторларды лицензиялау, олардың сотталғанының бар-жоғын тексеру, міндетті түрде оқыту және емтихан тапсыру тәртібін енгізуді ұсынды.

Сонымен қатар, барлық риэлторлық компаниялар үшін бірыңғай келісімшарт үлгісін әзірлеу және қызмет көрсетуге байланысты дауларды арбитраж соттарында қарауға тыйым салу туралы ұсыныстар жасалды. Мәжіліс депутаты Олжас Құспанов осы арбитраж соттарына қатысты мәселені көтерген еді. Оның айтуынша, риэлтор клиентке келісімшарт ұсынған кезде, тұтынушы оны толық оқымай немесе маңызды талаптарды байқамай қалуы мүмкін. Ал келісімшартқа қол қойылған соң, клиент риэлтор қызметінен бас тартса, келісімшартта көрсетілген айыппұлдарды төлеуге мәжбүр болады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

• МЕРЕЙ

Сот жүйесіндегі мемлекеттік қызмет – бұл заңмен белгіленген белгілі бір шектеулерді белгілейтін жоғары жауапкершілік дәрежесі. Демек, біз мемлекеттік қызметші болғандықтан, жұмыстан тыс уақытта да мемлекеттік қызметші болып қала береміз. Қоғамда мемлекеттік орган қызметкерінің жағымды бейнесін қабылдау үлкен маңызға ие. Өйткені, бізге қарап қарапайым адам бүкіл жүйе туралы қорытынды жасай алады, ой түйеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Біздің арамызда сондай көпке үлгі мемлекеттік қызметшілер бар. Мысалы, Павлодар облыстық соты баспасөз қызметінің бас маманы Маржан Құрманғалиева елге сыйлы, тәжірибелі маман.



Маржан Мәлісқызының 18 жылға жуық заңгерлік тәжірибесі бар, оның екі жылын құқық қорғау органдарында тергеуші лауазымына, одан кейін Төтенше жағдайлар департаменті мен сот жүйесіндегі мемлекеттік қызметке арнаған.

Маржан Құрманғалиева еңбек жолының соңғы алты жылында Павлодар облысы сот жүйесінің және ҚР Сот әкімшілігі Павлодар облысы бойынша департаментінің қызметін насихаттап, құқықтық түсіндіру, игі істерді, соңғы заңдардағы өзгерістер мен түзетулерді жариялаумен айналысады. Оның жұмысының арқасында жұртшылық пен БАҚ өкілдері сот жүйесінің өміріндегі ең соңғы және өзекті ақпаратқа үздіксіз қол жеткізіп отыр.

Үлкен заңгерлік тәжірибе қажетті ақпаратты тез және тиімді дайындауға көмектеседі. Оның өткір ақыл-ойы мен қарым-қатынас дағдылары өзін жауапты, сенімді жолдас және әріптес ретінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Баспасөз қызметіндегі жұмыстың міндеті тәулігіне 24 сағат байланыста болу, сонымен қатар жеке өмірді сәтті үйлестіре білу. Құрманғалиевтар жанұясы бұл міндетті табысты атқаруда.

«Жетістікке жетуіңіздің сыры неде?» деген сұраққа Маржан Мәлісқызы өзінің артық құпиясы жоқ екенін және сүйікті ісіне деген адалдығы әр күн сайын жұмысына сенім ұялататынын айтады. Маржан Мәлісқызының сот пен БАҚ-тың арасын байланыстыратын іскер жұмысы, үлкен жауапкершілігі тәжірибелі маманның әлі де тағылымды істерге бастайтынына, биіктерге ұмтылдыратынына сенеміз.

Агидель ИБРАЕВА, Павлодар облыстық сотының баспасөз қызметінің басшысы

• АСЫЛ МҰРА

ТІЛ – ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

Тіл – ұлт байлығы. Әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және болашаққа, келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады. Тіл – ғасырлар бойы әр ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілу арқылы жинақтаған бағасы жоқ мәдени байлығы. Біздің еліміздің байлығы ол – қазақ тілі.

Қазіргі таңда қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі, мемлекеттік тіл. Бүгінгі таңда сот жүйесі де өзге салалар секілді мемлекеттік тіл мәселесінің дамуына елеулі үлес қосып отыр. Істердің мемлекеттік тілде жүргізіліп, іс қағаздарының да ана тілінде толтырылуына жіті көңіл бөледі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әрбір азаматына іс қағаздарын қазақ тілінде жазу міндет болуға тиіс. Талап пен тәртіп, міндет пен ниет болса мемлекеттік тілдің көмегіне көгеріп, қанатын одан әрі жая түседі. Ұлт тілі осы республика аумағында кеңінен қолданылуы тиіс. Оған әрбір азамат белсенді түрде өз үлесін қосып, кейінгі буыннан да соны талап етуі қажет.

Қазақ тілі ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра.



Айман БАЕКЕНОВА, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

Әр адам қазақ тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Әр мемлекетте мемлекеттік тіл – елдің мақтанышы.

• БАСТАМА

ЖИ алаяқтықпен күреседі

Қызылорда облысының прокуратурасы алаяқтыққа қарсы күресте жасанды интеллектті пайдаланады.

Облыстық прокуратура алаяқтық қылмыстарының алдын алуға арналған «IT TERGEU» жобасын әзірледі, бұл жоба жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін сот-тергеу тәжірибесінде тиімді қолдануға бағытталған.

Жоба үшін облыстық бюджеттен 85 млн теңге бөлініп,

ақпараттық-талдау бағдарламалары сатып алынды.

Бағдарламалардың көмегімен 749 қылмыстық іс бойынша 1074 ұялы телефон нөмірлері тексерілді. Нәтижесінде 151 қылмыс дерегі ашылып, 62 қылмыскер ұсталды, сондай-ақ, 2 киберқылмыстық топ, 52 дроппер мен

хабар-ошарсыз кеткен 91 тұлға табылды.

Қазіргі уақытта интернет алаяқтық бойынша 264 қылмыстық істің 78-і сотқа жолданып, көрсеткіш 29%-ға артты.

Банктер мен микроқаржы ұйымдарына қатысты 52 істің күмәнді есепшот транзакцияларын тоқтату үшін анти-фрод орталығына сұраныс жолданды. Өңірде профилактикалық

жұмыстар аясында қаржы институттары өкілдерімен бірнеше ресми кездесу өткізілді, сондай-ақ, Қылмыстық процесстің кодекстің 200-бабына сәйкес 25 ұсыныс енгізілді.

Қызылорда облысының прокуратурасы азаматтарды алаяқтардың құрбаны болмау үшін сақ болуға шақырады.

Қызылорда облысының прокуратурасы баспасөз қызметі

ТАРАТУ

2. Этнопедагогикалық колледжі (БСН 010740007757) құрылтайшының өз шешімімен 31.10.2024 жылы таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Қызылорда тас жолы, Б/Н, 87024296656.

3. «DARIYA HORECA ALMATY» ЖШС (БСН 230740010336) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Алматы қаласы, Нұр Алатау ықшам ауданы, Қазыбек Тығайұлы көшесі, 88-үй.

5. «Бигмонти» ЖШС (БСН 231040040365) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байтұрсынұлы көшесі, 20-үй, тел. 87013865080.

6. «seamaig (сеамаир)» ЖШС (БСН 210140005374) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050011, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Стасов көшесі, 10-үй, тел. 87013096766.

7. «Есіл - Біз біргеміз» қоғамдық бірлестігі (БСН 190140010919) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020900, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Пушкин көшесі, 10-үй, 3-пәтер, тел. 87711614703.

8. «Falcon Auto Group KZ» ЖШС (БСН 130340010422) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғылы, 187/2 ғимарат, тел. 8701773893.

12. «Наятиль-Нафис» ЖШС (БСН 050640001602) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР Абай облысы, Семей қаласы, Чехов көшесі, 123-үй.

14. «Турфирма Роза Ветров» ЖШС (БСН 140940009618) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 55-үй, 18-пәтер, тел. 87020005050.

15. «Abdolla» ЖШС (БСН 200940034315) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Индер ауданы, Есбол ауылы, Құспан Есбосынов көшесі, 17-үй, тел. 87784881371.

19. «ГРУППА НИДА» ЖШС (БСН 111240022240) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Әбулбақ Кердери, 140-үй, 4-пәтер.

20. «Оазис Азий-Май» ЖШС (РНН 150100211519; БСН 020140003883) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, тел. 87757120206 Акис.

21. «Қытай мұнай инженер-құрылыс тобының еншілес ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Астана қаласындағы филиалы» (БСН 130341003353) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 27-үй, 83-пәтер, тел. 87010981236.

25. «КАМКОР» өндірістік кооперативі (БСН 980340004332) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Сайрам көшесі, 190-үй, пошта индексі 160008.

ӘРТҮРЛІ

9. «ҚазақОрда» ЖШС (БСН 230540001746) «Bublu» ЖШС (БСН 240240026495) қосылу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30/9, н.б. 78.

10. «Bublu» ЖШС (БСН 240240026495) өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды, оның құрамына «ҚазақОрда» ЖШС (БСН 230540001746) қосылады және жарғылық капиталдың көлемі қосылатын серіктестіктің жарғылық капиталының көлеміне ұлғайтылады. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 34-үй.

18. Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 15-бабының 3 тармағына сәйкес, сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тарифтердің өзгергені туралы тұтынушыларды хабардар етеді.

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің тарифтері 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы №177-НҚ және №179-НҚ бұйрықтарымен бекітілген келесі мөлшерде қолданысқа енгізіледі:

Тұтынушылар топтарының атауы	сумен жабдықтау қызметтеріне		су бұру қызметтеріне	
	ҚҚС-сыз, тг/м³	ҚҚС-мен, тг/м³	ҚҚС-сыз, тг/м³	ҚҚС-мен, тг/м³
1 топ – жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемдері және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін ұсыну кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шынғандар көлемдерінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар:	66,00	73,92	40,95	45,86
2 топ – өзге де тұтынушылар – бірінші және үшінші топқа кірмейтін заңды тұлғалар:	140,33	157,17	48,67	54,51
3 топ – бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар.	82,58	92,49	29,82	33,40

Алматы қаласының тұтынушылары үшін тұтыну көлеміне қарай тұтынушылардың кіші топтары бойынша жеке тұлғалардың сумен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтер:

Тұтынушылар топтарының атауы	Сумен жабдықтау қызметтеріне	
	ҚҚС-сыз, тг/м³	ҚҚС-мен, тг/м³
1-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 3 м³-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар:	66,00	73,92
2-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 3 м³-ден астамнан 5 м³-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар:	79,21	88,72

11. Түркістан қаласы әкімдігінің 5 желтоқсан 2024 жылы №765 қаулысына сәйкес Түркістан қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мекемесінен Түркістан қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі «Отбасы қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөліп шығару жолымен қайта құру ұйымдастырылды. Осыған орай, барлық талап-шағымдар 2 ай ішінде қаралатыны туралы хабарлаймыз.

13. «Хозяйственное управление аппарата акима ЗКО» ЖШС (БСН 010740002558) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179-үй мекенжайы бойынша бір ай ішінде қабылданады.

16. Алматы қаласы Медеу аудандық сотымен арызданушы Матвеево Галина Алексеевны, тұрғылық мекенжайы: Алматы қаласы, Орманова көшесі, 61-үй, Матвеево Виталий Алексеевич 1944 жылғы 24 маусымда туған, қайтыс болған деп тану туралы арызды бойынша қозғалған азаматтық іс өндіріске қабылданды. Аталған азаматтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде сотқа бұл туралы ақпаратты Алматы қаласы, Медеу аудандық сотына, мекенжайы: Алматы қаласы, Нүсібішев көшесі, 32, тел. 8 (727) 333-12-99, 8 775 304 41 48 хабарлауды сұраймыз.

17. «Жазкеп Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, БСН 080140006125, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Рахат ы/а, Құлтобе көшесі, 1.

24. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 847 қаулысының негізінде «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі оған «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесін, «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы төтенше жағдайлар департаментінің орт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесін және «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы» республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілуде. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Әлби Жангелдин көшесі, 24-ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады.

22. Батыс Қазақстан облысы МАЭС 2024 жылғы 24 желтоқсандағы ұйғарымымен «Uralsk Retail» ЖШС-не қатысты (БСН 100540011300) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Дина Нүрпейісова көшесі 12/1, 5-кеңсе. Тел.77015432912.

23. «Кронос Кредит» МҚҰ» ЖШС (БСН 141140015011) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Шағымдар Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 212/1, 318-кабинет мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады.

3-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 5 м³-ден астамнан 10 м³-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және бөлуден айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар:	99,01	110,89
4-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 10 м³-ден астам реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар және суды есепке алудың жеке аспаптары жоқ жеке тұлғалар.	132,01	147,85

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа тарифтің бекітілуіне дейін есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін Алматы қаласы бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне төлемдері мөлшері

№ р/с	Атауы	Тенге/адам айына (ҚҚС-сыз)	Тенге/адам айына (ҚҚС-мен)
Сумен жабдықтау қызметтеріне			
1	Көше колонкаларынан суды талдау	99,00	110,88
2	Тұрмыстық қажеттіліктер мен санитарлық-гигиеналық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін су тұтыну	1 980,00	2 217,60
3	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көпқабатты тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	708,84	793,90
4	Суды тұрмыстық емес пайдалану (жасыл желектерді, көгалдарды, гүлзарларды, бақшаны, тротуар ағаштарын, төсеніштерді және т.б. суару)	1 320,00	1 478,40

Ескерту: *6 ай суару кезеңінде 1 сотығын суару алаңының айына м³ көлемі (суару кезеңі 15 сәуірден 15 қазанға дейін). Бұл ретте жасыл желектерді суару уақыты сағат 23.00-ден 05.00-ге дейін рұқсат етіледі. Су бұру қызметтеріне

1	Суық суды бұру	614,25	687,96
2	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көпқабатты тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	219,90	246,29
3	Ыстық суды бұру	128,99	144,47

Толық ақпарат кәсіпорынның ресми сайтында орналастырылған - www.almatysu.kz

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

МҰРАҒЕРЛІК

4. 2024 жылдың 28 мамырында қайтыс болған Қорғанбаев Сабит Бейсебековичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.С.Раимбековаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 208А, 324-кеңсе. Тел. 8 701 771 87 55.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмухамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығымен ғасыр жасқа келген батырларымыз С.Нұрмағамбетов, Р.Қошқарбаевтармен бірге, тағы бір қаһарман перзентіміз Б.Момышұлының да еңбегі ескеріліп, жаңа тағайындалып отырған «Айбын» орденінің үш дәрежесіне есімдері берілді. Бұл жаңалықты халқымыз зор қуанышпен қабылдады. Бұған өте мән беруіміздің сыры да түсінікті болар. Өйткені, бұрынғы одақ тұсында нақ осы батырларымызға қатысты әділетсіздіктер орын алып келгені белгілі. Президенттің халықтың шексіз махаббатына бөленген осы үш қаһарманды бөле-жармай, «Айбынның» үш дәрежесіне таңдап белгілеуінің де бір сыры осында жатыр ма деп болжаймыз.

халықшыл адамдар, Баукеңнің сөзінің жөн екендігін де жақсы түсінген. Димаш атамсыз өтінішті аяқасты қылмай, Л.И.Брежневке барған. Сөйтсе, ол кісі «бұған, тіпті, менің еш қатысым жоқ, дәл сол уақытта шешіліп қойған мәселе, шығар жарлық шығып кеткен, әлдеқашан жарияланып кеткен жарлықты бұзуға менің құдіретім жетпейді» дейді. Шынында да, бұл кезде болар іс болып, бояуы сінген, «Рейхстагке ту тіккен орыс солдатты Егоров пен грузин солдатты Кантария» деп барлық құжат, та-

шығарма желісімен кинофильм де түсірілді. Бұл шығарманың жазылу тарихы да қызық, Баукең әуелгіде А.Бектің өзі туралы жазуына мүлде келіспей, тіпті, бірнеше рет үйінен қуып шыққан көрінеді. Дегенмен, әуелгі райынан қайтып келісуіне қарағанда, орыс әдебиетіне кейіпкер болып енуі арқылы, өзін мойындағысы келмеген Кремль басшылығының көзіне шұқығысы келді ме екен деген қисынды ой туады. А.Бекпен келіскен күннің өзінде, нешәтүрлі

соғыс амал-тәсілдерін жетік меңгерген сирек кездесетін майдангерлік дарынның танып, бағалауға келгенде Кремль басшылығы көздерін тарс жұмған! Бауыржан Момышұлының соғыс өнерін меңгеру тактикасы әлемде әскери ғылымның үздік үлгісі ретінде мойындалған, дүние жүзі елдерінің назар аударуының басты себебі де осында. Әсіресе, Куба сияқты, соғыс жағдайында болған, әскери күштерінің қуаттылығына, қорғанысына, жас ұрпағының патриоттық тәлім-тәрбиесіне көңіл бөлген, зор мән берген елдер Баукеңнің бай тәжірибесінен өнеге алған.

Сегіз қырлы, бір сырлы

Тағы бір үлкен маңызды мәселе, Б.Момышұлының атағы шарықтап көтерілуінің себебі, ол кісінің жазушылығы мен сыншылығы жай ғана әуесқойлық деңгейден, әлдеқайда биік профессионалдык дәрежеде танылған. Яғни ол әскери соғыс кезеңінің естелігін жалаң баяндаушы журналист-очеркист, мемуарист қана емес, дүние жүзіне даңқы шыққан әскери жазушы. Мәселен, өзі туралы жазған А.Бек, В.Катаев, Б.Полевой, И.Оренбургтер, т.б. әскери майдангер жазушылармен бірдей қабілетке ие. Мұның ішінде, Б.Полевой да Б.Момышұлы туралы жазғаны белгілі.

Жазушылығы мен сыншылығы туралы кездейсоқ айтып отырғанымыз жоқ, ол қазақ әдебиетінің даму барысын талғампаздықпен бақылап, өз бағасын беріп отырған, оның қазақ ақындары мен жазушыларына еңбектері арқылы баға берген мақалалары жарық көрген. Және Баукеңнің биік талғампаздығы соншалық, оның алаш қайраткерлері Әлихан, Ахмет, Міржақып, Әлімхандарды құдірет тұтқаны таңқалдырады. Өзгелерге келгенде сыншыл, тіпті, міншіл Баукең Алаш арыстарын өле-өлгенше қастерлеп, жүрегінде аялап өткен. Мағжан Жұмабаев пен Қасым Аманжолов ақындығына жоғары баға беруі, прозада Ж.Аймауытов пен М.Әуезовті пір тұтқаны оның қаншалықты ой-өрісінің жоғары болғандығын, әдебиетті ерек деп ұқпай, талғампаз, сарашылдықпен үңіліп отырғанын білдіреді.

Баукеңнің үздік талант иесі, талғампаз да ұшқыр ойлылығының тағы бір сипаты, ел аузында кейде анекдот, бірқапай түрінде, тіпті болмаса, «Баукең қалжыңдары» деген атпен әрқилы айтыла беретін ел арасындағы күлдіргі әңгімелерде тіпті есеп жоқ деуге болады. Күлдіргі дегенімізбен, оның мұндай әңгімелері шымбайға батардай ауыр, кейде, тіпті, ұяты ашы, кейде, ащы мысқылды сарказммен, ирониялы әжуамен айтылған. Осылардың өзін тиянақтап, жинақтаған жан болса, бір емес бірнеше кітапқа жүк болар еді-ау. Өйткені, Баукеңнің ойының ұшқырлығы соншалық, аяқасты найзағайдай жарқылдаған өткір ойларымен кез келген адамды есеңгіретіп кететін. Баукеңнің удай зәрлі тілінен, кейде, ащы қалжыңынан әріптестері, жолдас, замандастары үркіп, қашып, әлдеқайда сөз естіп қалудан жасқанып жүреді екен. Басқа-басқа, көз көргендердің айтуы бойынша, Баукеңмен сөз қағысып қалудан, өзгелерді былай қойып, атақты сөз зергерлері, классик жазушыларымыз Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтердің өзі жасқанып, қаймығып отыратынын оқып, естіп өстік.

Міне, батырлықтан бөлек, осындай санқырлы талантты, тұла бойы дарынға толған Баукеңнің бойынан кінәрат, мін іздегеннен гөрі, оның бойындағы үлкен қасиеттерді ұрпаққа ұлағат тұтып, әсіресе, тәуелсіз заманда тәуелсіз өмір сүріп, кімге де болса басын иемей өткен өр қасиетін ұлықтап, оның ар-ұят тазалығын ұлағат қылып ұсынудан шаршамасақ болар еді.

Салыстырмалы түрде айтқанда, тәуелсіз елде өмір сүріп отырып, әлі де құлдық санадан арыла алмай жүрген қарапайым жандар түгілі, еліміз сенім арқалатқан талай атағы дардай азаматарымыз арамызда жүр емес пе? Кімге қандай мін артқандаймыз?!

Батыр Бауыржан тіл тазалығын қазғаның арымен қатар қойып өткен бірден бір тұла еді. Ешбір ғалым немесе ақын, жазушы, басшы, зиялылар тіл туралы жақ аша алмай жүргенде, ана тілі туралы шырылдап, үлкен мінберден жоғарыдағылардың көзін шұқып айтқанын, көзіміз көрмесе де оқып, естіп өстік. Тіпті, түсіне білгенге, фамилиясының өзінде оның сол заманда-ақ ешкімнен қайықпай, ата тегі мен тарихына, тіліне құрмет танытқаны байқалып тұрған жоқ па?!

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының
судьясы

ӨКТЕМДІККЕ ӨРЛІКПЕН ЖАУАП БЕРГЕН ӨЖЕТ БАУКЕҢ

Қос майданның қаһарманы

Соның ішінде империя қанша мойындағысы келмесе де, Бауыржан Момышұлы кеңестік саяси идеологияның тасқұрсау шынжырын тас-талқан қылып бұзғанын, ел аясына сыймай, одақ деңгейі тұрмақ, шартарапты қамтыған Екінші дүниежүзілік соғыстың әлем жұртшылығы мойындаған басты қаһарман тұлғаларының бірі емес, бірегейіне айналғанын неге жар салып, мақтанышпен айтпасқа?! Оның бейнесі тіпті, өзін мойындағысы келмеген империялық ел шегінде жасалып, А.Бектің әйгілі «Волоколам тас жолы» повесі арқылы дүние жүзіне таралуы, қазақ әдебиетінің классик жазушылары Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндерде»/Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз»/романдарында сомдалып, ел тарихынан мәңгілікке орын алуы біз үшін зор мақтаныш.


Бауыржан Момышұлын қос майданның – соғыс және бейбіт заманымыздың батыры деп те атайды. Біздіңше, осылай баға беруіміздің өзі оның нақты тұлғасы үшін жетімсіз. Сондықтан Бауыржан тұлғасын толықтыра түсіп, кеңестік қиянатшыл идеологиямен күрескен империялық саясат майданының да қос қаһарманы деу керек. Көлеңкесінен қорқатын көлгір саясаткерлер мұны ашық айтуға бата алмайды, ал бадырайып көрініп тұрған ақиқатты айтуға не кедергі, кім бөгет?!

Баукеңнің қан майдандағы көзсіз ерлігін дәріптеу, әрине, кемшін емес. Баукең батыр атағын беру, бермеу кеңінен талқыланып жатқанда, әңгіме ол кісінің өзіне тірелген бір мезгілде, жоғарыдағылардың тілін табу керектігі, ол үшін кейбір ұстанымдардан бас тарту керектігі жиі айтыла бастағанда, оның нағыз ерге тән қайтпас мінезі жарқ етіп, көрініс берген. Әлдекімдер Баукең ашықтан-ашық жоғарыдағыларға бас ұру туралы айта бастағанда, ол кісі бір-ақ кесіп: «Сол жылтырақ темір үшін жоғарыдағыларға ешқашан бас ұрмаймын. Ендігәрі ондай мәселе қозғап, менің басымды қатырмандар!» деп араға түсіп, жоғарыдағылардың сөзін жеткізушілерді бет қаратпай айдап шыққанына, яғни, атақ-мансаптан ар-ожданым әлдеқайда биік тұтқан тектілігіне қалай сүйсінбесің?!

Сынбаған рух

Сол кездегі одақтың Қорғаныс министрлігін қабылдауында болғанда, оның: «почему вы Момышұлы, а не Момышев?» деген китұрқы, аяр сұрағына айылын жимастан: «Я был, и есть Момышұлы, и таким образом навсегда!» деп қасқия жауап беруі, империя алдында өр кеудесін бастырмай, өмірден туған халқының алдындағы тап-таза арын сақтап өтуінің жөн болғандығын, батырдың ұлы әруағының алдында бас ие отырып, көзімізді жеткізе түсеріміз анық. Сол билік иелері қолдарында тұрған атақты бергізбеуге, империяның шоқпарымен соғуға, әрине, құдіреттері жеткен шығар, бірақ, ұлттың қас батырының, қаһарман ұлының рухын сындыра алмады, бас игізе алмады. Кезінде Баукеңді сөгіп, «қырсығып, қитықпаса, атақтың бәрін иеленіп, Қызыл Жұлдызды да омырауына жарқыратып тағып жүрер еді ғой!» деп сыртынан ғайбаттаушылар аз болмаған. Әрине, арыстандай азулы батырдың бетіне келу қайда?!

Осы орайда, ғасырлық мерейтойы кеңінен аталып жатқан қос батырымызға деген Баукеңнің де құрметі зор болғанына, оларды да реті келген жерде, империя тырнағынан арашалай жүргеніне бір жарқын мысал келтіргіміз келіп отыр. Бауыржан Момышұлына кеңес дәуірінде не себепті батыр атағының берілмеуі аз қозғалмаған тақырып, сондықтан, бұдан әркім де хабардар деп ойлаймыз. Біреу білер, біреу бил-



мес, Рахымжан Қошқарбаевқа да батыр атағының неге берілмегендігін кезінде одақ басшылығының алдына дейін жеткен айқай-шуға айналған. Бұл мәселені де ең алдымен Бауыржан Момышұлы көтерген!

Ерлікке көз жұмуға болмайды

Рахымжан Қошқарбаев Баукеңдей мінезді болмаған, табиғатынан жуас адам екен. Баукеңмен жақсы достық шыраймен араласқан. Екеуі де майдангер болғандықтан, мұң-сырлары бір дегендей. Баукең майдангер жолдасына: «ау, маған батырлықты бермеуінің себебі көп, өзімің тілімнен тауып жүргендігім де бар. Ал саған берілмеуінің не қисыны бар? Мен мұны жай қалдырмаймын. Жүр екеуіміз Қонаевтың алдына барамыз» деген. Сол кезде Рахымжан досы ат-тонын ала қашып: «Бауке, қайтесің, өтер іс өтті, уақытыңда алмағаннан кейін оның не құны бар?» – десе керек. Оған көне қоятын, алған бетінен қайтатын Баукең бе, «жоқ, мен мұны түбірлетпей қоймаймын!» деп салып ұрып сол кезде идеология бөлімін басқарып отырған Какімжан Қазыбаев пен Жазушылар одағын басқарып отырған Ғабит Мүсіреповке жетіп барады. «Осылай да осылай, менің батырлығым үшін қам жемей-ақ қойыңдар, ау, бірақ анау Рахымжанға обал емес пе, ол Совет Одағы армиясының ішінен суырылып шығып, қасқайып тұрып Рейхстагқа ту тіккен қазақ, бұған бүкіл майдан даласы куә. Мұны Кремльдің айналасы да біледі, бірақ неге көзін жұматыны түсінікті... Қонаев одақтың бірінші хатшысы Л.И.Брежневпен дос-жар адам, бұл мәселені шешсе, тек сол ғана шеке алады, мені тек тек, бірдеңені бүлдіреді деп тыңдамауы мүмкін, сен екеуіңді тыңдайды» деп, біраз зиялы қауым өкілдері қол қойып, әлгі екі басыны Қонаевтың алдына баруға мәжбүрлепті. Әрине, ол екі кісі де

Бауыржан Момышұлын қос майданның – соғыс және бейбіт заманымыздың батыры деп те атайды. Біздіңше, осылай баға беруіміздің өзі оның нақты тұлғасы үшін жетімсіз. Сондықтан Бауыржан тұлғасын толықтыра түсіп, кеңестік қиянатшыл идеологиямен күрескен империялық саясат майданының да қос қаһарманы деу керек. Көлеңкесінен қорқатын көлгір саясаткерлер мұны ашық айтуға бата алмайды, ал бадырайып көрініп тұрған ақиқатты айтуға не кедергі, кім бөгет?!

рихи жылнамалар толтырылып кеткен уақыт. Оның өзгермейтіні түсінікті. Бұл жерде мәселе Бауыржан Момышұлының биік азаматтығында. Әйтпесе, өзі де сол саясат қорлығынан талай «таяқ жеген», өзі де сол заңды батырлығынан құралақан қала отырып, Рахымжандай жолдасының, елінің адал азаматының батырлығына араша түсуі, тіпті, өзі үшін күреспей, оның атағын шырылдап қорғаштауы – Баукеңнің таудай биік адамгершілігін, арының кіршіксіз тазалығын танытып тұрған жоқ па?! Бұдан өзге қандай қорытынды жасауға болар?!

«Волоколам тас жолы»

қалай жазылды?

Халық ерекше сүйіп «Баукең» деп атап кеткен қазақтың біртуар азаматы ел жүрегінде аңыз болып қалды. Қарап отырсақ, оның да себеп-салдары жеткілікті, Б.Момышұлы қан майданның қас батыры ретінде ғана емес, бейбіт күннің де үлкен тұлғасына айналды. Өзге батырлардан ерекшелігі, өзінің қаһармандық жолын мемуарлық шежіреге айналдырып, басынан өткен соғыс хикаялары туралы көптеген шығарма жазды. Тіпті, оның ғажайып ерлік жолдары орыс әдебиеті өкілдеріне де қызықтырып, Александр Бек Б.Момышұлына арнап, «Волоколам тас жолы» деген повесть жазды. Осы

қисынды-қисынсыз шарттар қойып, «әрбір ойдан қосқан өтірігің үшін сауағыңды бір-бірлеп шауып отырамын» деген екен.

Орыстың классик жазушысы А.Бектің «Волоколам тас жолы» шығармасы мен осы шығарма желісі бойынша түсірілген кинофильм арқылы біздің қаһарманымыздың атақ-даңқы Кеңес Одағы шегінде ғана емес, дүниежүзін шарлап кетті. Республикамызда танымал режиссер Мәжит Бегалиннің түсірген «Ел басына күн туса» деп аталатын фильмі де одақ кинотеатрларында бірнеше жыл бойы табысты көрсетілген. Мұның бәрін, әрине, басты себебі-батырдың атағының сол кезде дүрілдеп шығуына байланысты болғаны анық.

Қазақтың көрнекті жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың Баукеңмен сұхбаттаса отырып, диалог-роман түрінде жазған «Ақиқат пен аңыз» шығармасы да халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Міне, осындай халықтың Баукең деген шексіз ықыласын танытқан туындылар ол кісінің атағын шартарапқа жая түсті. Аңыз адамды көргісі келген көптеген елдерден шақырту алған Баукең бірталай шетелдерге сапар шегеді. Соның ішінде, әсіресе, ол кісінің Кубаға сапары жайлы айрықша атап өтуге болады. Куба басшысы Фидель Кастро Б.Момышұлының келісімін ала отырып, өз еліндегі әскери оқу орындарына оның оқулықтарын оқытуды міндеттеген және автордың өзін арнайы шақырып, біраз лекция жүргізген.

Әскери стратег

Бауыржан Момышұлының әскери стратег және тактик ретіндегі майдан